



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

оқырманына ұсынған. Сопылық поэзияның бай мазмұны мен түрі қазақ ақындарының жақсы мен жаманды сынау, ізгілікті насихаттау, адам өмірінің мәнділігі, өмір мен өлім жайында, алланың құдыреттілігін баяндаудағы шығыстық әдеби тәсілдер мен амалдарды көркемдік құрал ретінде пайдаланған. Осылайша ақын қазақ поэзиясын мазмұн мен түр жағынан, танымдық, тәлімдік жағынан сапасын арттырған. Сопылық танымның қыр-сырын терең білген Шәкәрім де қазақ поэзиясының кеңістігін кеңейтіп «Иманым» атты жинағында астарлы сөз тіркестерін қолдану арқылы жаңа мағыналық айшықпен ажар қосқан. Ол осындағы өлеңдердің әр шумағы мен тармағындағы тың теңеулер мен метафора, символдарды ұлттық тілдің лексикалық байлығымен, шығыс әдебиетінің классикалық тәжірибесімен ұштастырып, қазақи ұлттық дүниетаным аясын ұлғайтқандығымен сипатталады.

Жар сипатын білсеңіз де,
Нәпсің өлмей, деме Жар.
«Сен – Жарым»депалдағанеп,
Тиеді оқ боп кеудеңе [1, 231]

Қазақ ақындары Құран іліміндегі тамаша қағидаларды, қазақ қауымына өлеңмен жеткізе білген. Олар өз шығармашылықтарында ізгілікті, адамгершілікті, әділетті, махаббатты бейнелеуде әуезді, бейнелі өрнектерді де орны-орнымен пайдалана алды. Әсіресе, Шәкәрім ақынның келер ұрпаққа мұра етіп қалдырған дүниелерінің денінде сопылық шығыс әдебиетінің терең де бейнелі тұстары бар.

Қорыта айтқанда, ақынның философиялық лирикалары тұтас көркемдік-эстетикалық, діни-теологиялық, әлеуметтік –тарихи құбылыс. Бұл өлеңдерде ұлы ойшылдың адамгершілік позициясы, оның өнерде жасаған концепциясы ар ілімі көрініс тапқан. Алланы тану мен оны сүюде ақынның өлеңдерінде сопылық «жар» ұғымының мәні кең ашылған. «Жар» деген кім?», «Оған жетудің жолы қандай?» - деген сұрақтар аясында ақынның имандылық негізіндегі ар-ұждан концепциясын жасаған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шаһкәрім Құдайбердіұлы. Жол табалық ақылмен. (шығармаларының бір томдық жинағы). Жидебай, 2006.-720б.
2. Шәкәрім Қ. Иманым. Алматы. «Арыс» баспасы, 2000
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. –Алматы, 1991.
4. Шаңбай Т. Шәкәрімнің философиялық лирикасы // Шәкәрім. – Семей. -2008. -№3

ӘОЖ 82 – 142

ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ АРҚАУЫ

Жалелов Дәулет Серікұлы

daulet.zhalelov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, «қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының III курс студенті Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р. С. Тұрысбек

Қазақ ақындарының мұрасында елдік, отансүйгіштік, рух пен азаттық тақырыбындағы ойлар қай кезде болмасын өзінің құндылығын жойған емес. Арғысы түркі мен бергісі жыраулық ауыз әдебиетін айтпағанның өзінде Абайдан басталатын жазба дәстүр көзімен қарасақта маржандарымыз судың бетіне өзі-ақ қалқып шығады. Бірінді, қазақ, бірін дос, Көрмесең істің бәрі бос, - деп Абай атамыз осы бір сөзінде-ақ азаттығымызбен қазақтығымыздың көрінісін айқындап берді. Абай –азаттықтың жыршысы. Ал осы тақырыпты Абайдан кейінгі толқын қалай жырлады, ақындық өміріне тұғыр ете алдыма сол туралы ой қаузамақпыз.

Абайдан кейінгі ақындарымыздың өлең өлкесінде де азаттық тақырыбы айтылмай қалған жоқ. Тар жол тайғақ кешсе де, осы тақырыпты заманның езгісіне қарсы тұрып өз ойларын білдірді. Ойы азат, сөзі –ұшқыр, көңілі –тасқын, болашағымен өмір сүрген Мағжан ақын осы тақырыптың діңгегін нығайтқандардың оғыланы. Мағжанның ақындығын сөзге тиек еткенде, Жүсіпбек Аймауытұлының «Мағжанның ақындығы туралы» баяндамасын зерделеп, зерттеп талдап қарап шыққанымыз жөн. «Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз; толық сынау үшін оның алды, артын орап, өрісін арылтып шығарлық сегіз қырлы, негізді білім керек.Өзгелерден көрі әлеуметтік мұңын баса жоқтайтын ақын болуы керек, үйткені ақын қарапайым тырна қатар топас мүшесі емес, өзгелерден сақ құлақты, сезгіш жүректі, сара ақылды, өткір қиялды мүше. Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді. Әлеуметтің, өз табының қатарға кіріп ер жеткені, кейін қалып, кер кеткені өзгеден көрі ақынға артығырақ батады, ақынның жүрегі өзгеден гөрі көбірек толқиды, көбірек толғанады. Өзгелер салқын қанмен қарайтын нәрсеге ақын күйіп-пісіп қалады» [1, 165]

Ақындыққа берген мағұлматын және Мағжаның ақындығын айтқанда Жүсіпбек Аймауытұлынан артық бағалап айта алмайтынымыз анық.

Мағжан ақын –жастардың жанашыры. Азаттық пен рухты жалпы жалынды отты, жастардың көзінен көрді. Жан жүрегімен жастарды оқу-білімге, өнерге шақырды.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін! немесе,
Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін [2, 52]

Мағжан ақын, осындай талапқа сай болсаңыз ғана, мен сіздерге үміт артамын деді. Ақынның айтпағы, діні мен тілін, түбі мен ділін тұғыр етіп, тұмарындай жүрек тұсына сақтап құрметтей білсе мен жастардың жанындамын деді. Алты алаштың ардақты ақыны, Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» атты өлеңі, күллі түркі жұртының әнұраны яки бойтұмары.

Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан— ер түріктің бесігі ғой .
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен. [2,158]

Кешегі Алып Ер Тоңға аттың дүбіріне бөлеген Тұран жұртын аңсап өлеңіне арқау еткен. Өлең мазмұнына көз салып отырсаңыз. Түркі жұртының данышпандарын сөзге тиек етеді. Ғұлама Фараби мен оқымысты Ұлықбек, атын естісе бесіктегі дұшпанның баласы ұйқысынан шошып оянатын Шыңғысхан да рухты өлеңнің шырайын кіргізіп тұр. Мағжан түркінің мақтаныштарын жіпке тізгендей баян етеді. Өлең арқылы қалың оқырманға азаттық, елді сүю, туған жерді құрметтеу және түбіміздің түркі екенін кеңінен насихаттау болды. Мағжан ақынның өлеңінде түркі жұрты барлық баласына еншісін беріп, қара шаңырақта қазақ қалды деген сөзді әдемі тіркеспен жеткізеді.

Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Осы шумақтың өзінен түркі баласының түп тамыры біздің Ұлы дала елімен сабақтасқанының айқын куәсі боламыз.

Қазақтың рухы –от. Оттан қуат алып, көкбөрідей көкке қарап, қырандай қалықтап, тұлпардай дүбірлетіп жүретін Ұлы даланың ұрпақтарымыз. Мағжан ақын, өзін оттан туған тектіге балап кең дүниеге жырын арнаған.

Қазақтың Абай мен Мағжаннан кейінгі алтын көпірді жалғаған, тамырына қан жүгірткен әрине алты алаштың дауылпаз ақыны, кең дүниеге

Ей, тәкаппар дүние, Маған да бір қарашы! Танисың ба сен мені, Мен – қазақтың баласы! ,- деп күллі әлемге қазақты паш еткен Қасым Аманжолов болды. Қасым ақынның өлеңі қылыштай өткір, құйыны мен дауылы аралас, кейде төкпелетіп кейде жаз жайлауда жатқан халықты сезімге өрілген өлеңдерімен толғандырып қоятын. Ақынның «Атамекен» атты өлеңін талдап көрсек,

Сүйем сені туған ел - атамекен,
Абзал анам сенсің ғой құшағың кең.
Жер мен көктің жаннаты бір өзіңсің,
Сенен артық не табам, қайда кетем.
Іздеймін деп «Жерұйық», желдей желген
Асанқайғы емеспін, Қасыммын мен.
Қорқыт та емен елсізде, көр басында
Қобызымен сырласып күңіренген.
Ерке жанмын, өмірде өстім еркін,
«Еркелеме, ей, жігіт, еспе» дер кім?!
Өз елімде өзендей гүрілдеймін,
Тасып, шалқып өтемін - осы сертім. [3, 129]

Бұл өлең Қасым ақынның, елді шексіз сүйі, жүрегімен елге деген сағынышын өлеңге арқау етіп, сұлу сөзбен өруі тайға таңбас басқандай көрініп тұр. Туған жерін – абзал анасына, жер мен көктен іздеген жұмағын өз елінен табуы өлеңге өрнек қосып тұрғандай. Мағжан ақын от болып жанам десе, Қасым осы ізбен «Өз елімде өзендей гүрілдеймін» деп ойды одан ары өрбітеді.

Осы мәнін жоймайтын азаттық идеясы Ұлықбек Есдәулеттің поэзиясында да ерекше орын алды. Темірхан Медетбек айтқандай, «...Ұлықбек қаламынан өлең сүйер қауымды тамсанып, тәнті еткен жырлар жиі-жиі, толассыз туа бастады. Туған жердің «шалғын исін ауаға орап сіміріп», сүріне- қабына алға ұмтылған сол албырт ақынның алғашқы мақсаты не болды екен? Сөйтсек, өмірдің қас-қабағынан балғын кезінде-ақ салқындық сезген ол, «жүрегінің отымен кең дүниенің дидарын жылытуға» асығыпты.»

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан, ардақтым!
Тұлпарыңның шабысын,
Домбыраңның қағысын,
Күңіrentкен тау ішін,
Дарияңның ағысын
«Сүйем!» десем - бәрі шын,
Қазақстан - намысым!
Әрбір тасы - киелім,

Әр уығы - жүйелім,
Алаштың ардақтысы Мағжан ақынның,
Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар? - деген өлең жолдарымен Ұлықбек Есдәулеттің жоғарыдағы өлеңі сарындас екенін байқаймыз. Бұл азаттық идеясының бәйтеректей тереңге тамыр жайып, құлашын кеңге сермегенінің дәлелі. Осы із бүгінде Маралтай қатарлас ақындар мен бүгінгі жастар поэзиясында да құндылығын жойған жоқ. Ұлықбек Есдәулеттен кейінгі буынды азаттық тақырыбымен сусындатып келе жатқан, Маралтай

Маралтай ақын «Асау» атты өлеңінде

Баса алмай жүрек солқылын,
Аңсайды, құрғыр, беу, нені?
Еркіндік шығар ол мүмкін
Жаңғыртқан қайта зердені, *немесе*
Азаттық, қайран, ырқын ап,
Бауырын жазып, сөгіліп.
Қымыздай ашып, бұрқырап,
Бозадай боздап, төгіліп.
Бұғалық тимей қылқынып
Көңілін кенет жүдетіп
Бұлғарыдай бұлқынып
Бұлдырықтай пыр етіп.
Асаулық заулап келеді.

Маралтай ақын, азаттық идеясын асау тұлпарға теңеп, еркіндікті көсілген жүйрікке балайды. Өлеңде қазақтың салт санасына жақын құндылықтардың бәрі қамтылған.

Сонымен қорыта айтсақ, азаттық поэзиясы кез-келген дәуірде де өз құндылығын жоймай қарыштап дами беретіні сөзсіз. Өйткені алты алаштың тамыры тереңге кеткен ұрпақтары барда рух пен азаттық жолын кешегі бабалардың салған ізімен жалғастыратыны айқын. Түркі баласының тәңірі бұйыртқан тыныштығын қастерлеп қорғай білсек сол жолда аянбай қызмет ете білсек біздің баба алдындағы міндетті орындағанымыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Қартқожа: роман; Мағжанның ақындығы: әңгіме/Жүсіпбек Аймауытов. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 198 бет.
2. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер және поэмалар.-Алматы: Атамұра, 2002.- 256 бет.
3. Аманжолов Қ. Шығармалар жинағы./Қасым Аманжолов. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2013. – 288 бет.
4. Аманжолов Қасым Рақымжанұлы//Қарағанды. Қарағанды облысы. - Алматы : Атамұра, 2006. - 120 бет.
5. Аманжолов Қасым Рақымжанұлы//Қарағанды. Қарағанды облысы. - Алматы : Қаз.сов.энцикл., 1990. - 101 бет.
6. Есдәулет Ұ. Ғұмыр жас: Жырлар/Ұлықбек Есдәулет. – Алматы:Раритет, 2012. – 376 бет.
7. Тұрысбек Р.С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. Екінші басылымы. – Алматы: Эверо, 2014. – 432 бет.